

## Тасбақаларды экспорттау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 29 мамыр N 245-ө

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298\_ қаулысына сәйкес "Охотзоопром" өндірістік бірлестігіне "Зоолэкс" жабық үлгідегі акционерлік қоғамымен жасалған 1996 жылғы 30 сәуірдегі N ЗП-1-96 шартқа сәйкес қайта экспорттау мақсатында жиырма мың бас ортаазия тасбақасын Ресей Федерациясына әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Премьер-Министр